

Р.С. Каренов

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

## **Асан қайғы жырау — елге ұйтқы, ақылгөй атанған, дуалы ауызды дала философы**

Мақалада XV ғасырда өмір сүрген көрнекті философ-утопист, ақын, дипломат Асан қайғы бидің өмірі мен қызметі суреттелген. Көне жырау Асан қайғының есімі көптеген түркі халықтарының аңыздары мен ертегілерінде кездесетіні көрсетілген. Халық арасында оның «қайғы», яғни қайғы-қасіретті, қайғылы, сормандай атанғандығы, айтылған. Асан қайғы қазақтың алғашқы хандары Керей мен Жәнібекті қолдағаны, олардың кеңесшісі болғандығы, өз шығармаларында халық тағдыры, хан билігінің әділ болуын қалағандығы көрсетілген. Бытыраған қазақ ру-тайпаларының бірлігі, топтасуы идеясын көтерген алғашқылардың бірі болғандығы және оның бұл мұны «Жерұйық» атты шығармасында жырланғаны дәлелденген. Асан қайғының рухқа толы еңбектері, ауызша әдеби шығармашылығы халықтың мұны мен сенімдерін білдіретін бірден бір құралы болғандығы туралы қорытынды жасалған.

*Кілт сөздер:* ойшыл, шежіре, аңыз, хан, би, қарым-қатынас, саясат, толғау, Жерұйық, іздеу, сипаттау, сын, утопия, кездесу, нақылдар, қайраткер.

### *Kipicne*

Кейінгі ұрпақ әулие танып, аты аңызға айналған, Шокан Уәлиханов «көшпелілер философы» атаған Асан қайғы ХҮ ғасырда өмір сүрген. Өз заманының үлкен ойшылы болған.

Асан қайғы (Хасан Сәбитұлы) 1361–1370 жж. шамасында Еділ бойында туса керек. Қазақтың данышпан ақылгөй ақын-жырауы, өз дәуірінің бас биі Асан қайғы — Шыңғыс хан тұсында жасаған Үйсін Майқы бидің алтыншы ұрпағы. Майқы Алтын Орданың қырағы данышпан адамы болған. Бірнеше хандарды қолынан өткізген.

Қазақстан Ғылым академиясының Қолжазба қорындағы көптеген аңыздарды салыстырғанда мынаны аңғарамыз [1; 242]: Асанның әкесі — саятшы Сәбит, шешесі — Салиха, ал оның әйелінің аты — Күлжазира-сұлу, баласы Абат батыр екені көрінеді. Асанның енді бір баласы Жетім Жаңалы атаныпты. Ол әз-Жәнібекпен бірге қалмақ хақында бірнеше жыл кепілдікте жүрген. Оның жетім атануы, асылы, ол Асанға өкіл бала боп кеткен аға, інілерінің баласы болса керек.

Асан жасынан жұртының мұң-мұқтажын армандап, болашағын ойлаумен, болжап толғанумен боп, шерменде бола беріпті. Осыдан жұрт оны, «қайғы» деген лақап есім қосып, Асан қайғы деп атап кеткен.

Асанның (Хасанның) әкесі Сәбит Арал өңірінің Сырдария жағасын мекен еткен. Шежіре-аңыздардың айтуынша, ол ұзақ жасаған. Он сегіз мың ғаламның: құстың, жан-жануардың тілін білетін, өзі көріпкел, әулие, атақты саясатшы болса керек. Ал баласы Асанды ес білгеннен осы қасиеттерге баулып өсіреді. Сондай өнегелі, ұлағатты тәрбие көрген Асан жас кезінен-ақ туған халқының қамын, оның келешекте ірі де, іргелі ел болу жағын ойластыра бастайды. Сондықтан да ол жас болса да өз тұсындағы хан, сұлтан, би, бектермен бірге жүріп, оларға ақыл қосады. Ой, пікір жарыстырып, тайталасып ер жетеді. Сол бозбала кезінен-ақ ақындық, жыраулық, шешендік, тапқырлық өнерді жете меңгереді. Ел дауын, жер дауын, әдет-ғұрып мәселесін шешерде оның ақылдығы, алғырлығы, кесімді, шешімді билік сөздері өзге би, шешендерден үстем боп шыға береді.

Бұл жерде ерекше айта кететін жай, Асан қайғының нақты қай жылы, қай жерде өлгені әлі белгісіз. Бір мәліметтерде Асан Ата қазіргі Өзбекстан жерінде Жиделі Байсында дүние салды делінеді [2; 10]. Ел аузындағы қария сөздің айтуында, Асан қайғы Сарыарқада дүние салып, оған Ұлытаудың топырағы бұйырған. Ал, Ш. Уәлихановтың жазуында Асан Ата өмірінің соңғы жылдарын Жетісуда өткізіп, Ыстықкөлдің жағасында дүние салған [3; 138].

Профессор Х. Сүйіншәлиев: «Қазіргі Ақтөбе облысының жерінде «Асан Ата» есімінде ескі бейіт бар. Оны халық Асан қайғының моласы деп қатты құрмет етеді. Бірақ ол мола анық осы Асан қайғынікі ме, әлде басқа біреудікі ме — мұның өзі әлі анықталмаған мәселе» [1; 248, 249], — деп жазады.

Ә. Әбілқайырқызы «Дала данышпаны» деген мақаласында: «Асан қайғының нақ жерленген жері белгісіз. Екі дерек бар: біріншісі бойынша Жезқазған облысының (қазіргі Қарағанды облысы) Ұлытау ауданында, ал екіншісі бойынша Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы Шиелі ауылынан 16 шақырым жерде жерленген екен. Асан қайғыға арнап жасалған ескерткіш Асан Ата кесенесі «Жеті әулие» қорымында орналасқан» [4; 8], — деген дерек ұсынады.

Бұл пікірге академик Д. Кішібеков қосылады: «Асан қайғы кесенесі Шиелі жерінде деген пікірге қайта оралсақ, өзім сол жердің тумасы болғандықтан ба, әйтеуір оған әбден қосыламын... Айтарым, Асан қайғы Шиеліге келді ме? Әрине, қазақ халқына Жерұйық іздеген әулие мұнда келмеуі мүмкін емес. Өйткені Шиелі тұрмысқа қолайлы жерлерге жатады. Қазақта жабайы шиі шыққан жерді әулие жер дейді. Шиелі — жабайы шиі өте көп шыққан өңір. Шиелі атауы да сол жағдайдан туындаған. Шиелінің жері өте бай болған» [5; 5].

Ақынның қанша жасағаны да мәлімсіз. Халық аңызында ол – көпті көрген көне. Бір аңызда Асан 95 жасқа келген қарт, енді бір аңызда оның жасы 120-да еді делінеді...

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ә. Сарай: «Асан қайғының туған, өлген жылдары туралы нақты дерек жоқ. Тек жүзге жетеқабыл ұзақ жасағаны күмәнсіз. Тарихи оқиғалар аясында топшылағанда, яки Жәнібек хан 1470–1474 жж. Еділ-Жайыққа ауғанда, оған кенесші болуы, ұлы Абаттың Ноғайлыдағы тарихи уақиғаларға араласуы туралы басы ашық деректер негізінде Асан қайғы XV ғасырды (1400–1500) бастан-аяқ жасаған сөз зергері екені анық аңдалады» [6; 5], — деп жазады.

Қазіргі таңда Асан қайғы туралы екі түрлі болжам бар. Бірі — оны аңыздардың жиынтығы ретіндегі бейне десе, екіншісі — Хасан Сәбитұлы — қазақ халқының мемлекет қайраткері, ақын, жырау, философ екендігі. Қазіргі ғалымдарымыз мен тарихшыларымыздың зерттеулері екінші болжамның дұрыстығына саяды. Себебі Асан қайғының қазақ жеріндегі Жерұйықты іздегенін, оның табаны тимеген жер біздің Отанымызда жоққа тән екендігін өткен ғасырларда да ақын-жыраулар өз еңбектерінде айтып кеткен. Тіпті, Асан қайғы есімі туыстас халықтарға да (қарақалпақ, қырғыз, т.б.) кеңінен таныс [7; 121, 122].

Асан қайғы заманында Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек хандықтары пайда болды. Ноғай ордасы тарап, Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы хандықтар арасындағы қым-қиғаш талас тарапты аласапыран кезеңмен тұспа-тұс келді.

*Асан қайғының Алтын Орда ханы Ұлық-Мұхаммедтің  
ықпалды билерінің бірі болуы*

Атақты Берке хан (Жошының үшінші ұлы, Батудың інісі) дүниеден қайтқан соң (1266) Алтын Орданың тағына таласқан хандар баянды билік құра алмаған. Сондай баянсыз хандардың бірі Ұлық-Мұхаммед (Ұлұғ-Мұхаммед) болған.

Белгілі жазушы М. Мағауин өз еңбегінде: «Қазақ «Орманбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлгенде» деп күй тартады. Халық аңыздарында қазақ-ноғайдың айырылуын Орманбет ханның есімімен байланыстырады. Тіпті Орманбет хан өлерінде айтқан екен деген бірер шумақ жыр да бар:

*Таудан аққан бұлақтың  
Аяғы тартар теңізге,  
Санды айдаған бай болса —  
Қуанбай қоймас егізге,  
Жақсыдан туған жаманды  
Жамандай берме, жараңдар,  
О да бір тартпай қалмас негізге.*

Бұл Орманбетті қазақ шежіресі және кейбір зерттеушілер кәдімгі тарихтан белгілі Ұлұғ-Мұхаммед хан деп түсінеді» [8; 25], — деген пікірді алға тартады.

Ұлық-Мұхаммед — Алтын Орда ханы (1419–1420; 1427–1438), Тұқай Темірдің сегізінші ұрпағы, атақты Тоқтамыс ханның немересі. Хан тағы үшін бір мезгілде Мұхаммед есімді екі хан күрес жүргізгендіктен, жазба деректерде олардың бірін «Ұлұғ» — Үлкен, екіншісін «Кішік» — Кіші Мұхаммед деп атаған [9; 723].

Асан қайғының ерен зор талантын ерте байқаған Ұлық-Мұхаммед оны өзіне ақылгөй бас би етіп, Сарайында ұстайды. Асан жырау сол Алтын Орда ханымен бірге ел басқаруға араласады.

Дала философы, ойшылы, ақыны, данышпаны, көріпкелі, абызы — сонау Алтын Орданың жер жүзін тігірентіп, жарты әлемді бауырына басып жатқан кезде-ақ, оның басына күн туатынын, әр түрлі

ұлыс пен ұлттан құрылған алып мемлекеттің ыдырайтынын сол кезде-ақ білген сұңғыла саясатшы еді. Халық басына нәубет қайдан келетінін, отарлық кіріптарлыққа түспес үшін қандай қимыл қаракет жасау керек екенін алғаш көре білген сұңғыла көріпкел еді. Мысалы, ұлы жыраудың «Қырында киік жайлаған» атты тамаша толғауының [10; 25] мазмұнын ақтара қарап, сөз астарына ой жіберсек, өзара хандыққа таласып, қырқысып, елдің мазасын кетірген Алтын Орда хандарының әрекетіне наразылығын білдіргені көрінеді:

*...Қырында киік жайлаған,  
Суында балық ойнаған,  
Оймауыттай тоғай егіннің  
Ойына келген асын жейтұғын,  
Жемде кеңес қылмадың,  
Жемнен де елді көшірдің.  
Ойыл деген ойынды,  
Отын тапсаң тойынды,  
Ойыл көздің жасы еді,  
Ойылда кеңес қылмадың,  
Ойылдан елді көшірдің.  
Елбең-елбең жүгірген,  
Ебелек отқа семірген,  
Екі семіз қолға алып,  
Ерлер жортып күн көрген,  
Еділ деген қиянға,  
Еңкейіп келдің тар жерге,  
Мұнда кеңес қылмадың.  
Кеңестің түбі нараду,*

*Нәлет біздің жүріске,  
Еділ менен Жайықтың  
Бірін жазға жайласаң,  
Бірін қысқа қыстасаң,  
Ал қолыңды маларсың  
Алтын менен күміске!...*

Бұл туынды елді сергелденге салған Алтын Орда хандарының қырықпышақ болып, өзара хандыққа таласып, ыдырау дәуірінде айтылған өлеңге ұқсайды.

Кішік-Мұхаммед Сарай қаласын басып алғандықтан, Ұлық-Мұхаммед Еділдің жоғарғы жағындағы бұлғар жеріне кетеді. Сол жақтан Қазан хандығын құрады [9; 723].

Ұлық-Мұхаммед Ордан қуылғанда Асан қайғы өз әміршісімен бірге кетеді. Көп ұзамай Қазанда билік құрған Ұлық-Мұхаммедтің ақылгөйлері қатарында болған ақын, хан өлген соң Дешті-Қыпшаққа қайтып оралады. Ол Әбілқайыр ұлысындағы шиеленіскен тартыстың ортасына түседі.

*Қазан хандығы құрылғанда Асан жыраудың  
жаңа Орданың ұраншы-абызы болуы*

Дешті-Қыпшаққа қайта оралған Асан би 1450 жылдан бастап, Әбілқайыр хан қарауында билік құрады. Бұл кезде де ол көптеген хандық, билік тартыстардың қайнаған ортасында жүріп, өзінің шешендік, пәлсапалық жыр-толғауларымен ел құрметіне бөленеді. Керей, Жәнібек сұлтандар бастаған рулардың Әбілқайыр ұлысынан бөлініп шығуын қолдаушылардың бірі Асан қайғы болады. Шу мен Арал аралығында Қазақ Ордасы құрылған кезде Асан жырау жаңа мемлекеттің ұраншысына айналады.

Асан қайғының Қазақ хандығы құрылған тұста жасы ұлғайған ақылман, абыз дәрежесіне жеткені мәлім. Ол Алтын Орданың ыдырауын, сондай-ақ Солтүстік Кавказға, Азауға (Азовка), Қырымға дейінгі өлкелерді қамтыған Ноғайлы империясының да әлсіреп, «он сан ноғай бүлініп, ел айырыла», тоз-тоз бола бастауын қайғыра бастан кешті. Олардың орнында пайда болған хандықтар арасындағы бір-бірін әлсіреткен бітіспен соғыстар күшейіп келе жатқан орыс патшасының Солтүстік Кавказ бен Қазанды, Сібірді жаулап алу құлқын ұлғайтқанын көрді. Сарайда, Қазанда Ұлық-Мұхаммедтің пәрменді билерінің бірі бола жүріп, Қыпшақ жұрттарының біртұтастығын сақтап қалуға күш салды.

Кемеңгер жырау ұлы Даланың негізгі аймағын, яғни орта ғасырлардағы Қазақ Даласы аумағын қолда ұстап қалудың бірден-бір жолы Керей мен Жәнібек хандар қуатымен жаңадан шаңырақ көтерген Қазақ хандығын нығайтып, өрісін кеңейту екенін түсіне білді. Сондықтан да ішкі саясатта жер-су, жайылым, қоныс үшін қақтығыстар мен қайшылықтарды реттеу, ел-жұртының хал-ахуалын жақсарту мақсатында Асан қайғы хан алдына өзінің «ымыраға келу теориясын» ұсынды. Хан мен қара бұқара арасындағы қарым-қатынасты ушықтырмай, әділет тұрғысынан шеше білді. Сыртқы саясатта халқының өсіп-өркендеуіне ұйтқы болып, қазақ қоғамының үлгісін жасады.

*Асан қайғының Жәнібек ханға арналған  
көлемді толғауы*

Белгілі ғалым Ә. Қоңыратбаев өзінің «Қазақ фольклорының тарихы» атты еңбегінде (1991 ж. жарыққа шыққан) Асан қайғы туралы тұжырымды қуаттайтын көптеген дерек келтіреді. Біріншіден, «Асан қайғы өмір сүрген уақыт XV ғасыр болса керек» деген болжам айтады. Екіншіден, «әйгілі жырау, көшпелі елдің философы, халықтың мұңын білдіруші» және де Хафиз Таныштың жазбаларына сүйене отырып, Сыр өңіріндегі даладағы саяси қайраткерлердің бірі» деп бағалайды. Бұл кітаптың тағы бір құнды тұсы, оның «Асан қайғы творчествосының негізгі идеясы — Қазақ хандығы тайпаларының бірлігі!» деп тайға таңба басқандай етіп көрсеткендігі. Осыған қарағанда, Асан қайғы бабамыз Алтын Орда кезіндегі Жәнібек хан емес (1342–1357) одан берірек Қазақ хандығын құрған Жәнібектің маңында болғаны байқалады. Шынында да, қазіргі біздің тарихи шығармаларымызда «Асан қайғы Сәбитұлы 1370 жылы туылып, 1466 жылы қайтыс болды. Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібек ханның замандасы әрі кеңесшісі болды» деген пікір қалыптасқан [11; 57].

«Қазақстан тарихы: энциклопедиялық анықтамалық» деректері [9; 262–263] бойынша, Жәнібек хан (Әбу Сайд) XV ғ. басы — 1470 жж. арасында өмір сүрген. Ол — Шыңғыс ханнан тараған Орыс ханның ұрпағы, Барақ ханның кіші ұлы. 1457–1458 жж. немере туысы Керей ханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған. Керей ханнан соң 1465–1470 жж. арасында қазақтың екінші ханы болады. Жәнібек ханның тұсында Қазақ хандығы жеке ел болды. Жәнібек ханның артында тоғыз ұл қалып, оның ұрпағы XIX ғ. дейін Қазақ хандығын билеп келді.

Жәнібек қазақ әдебиетінде едәуір орын алған хан. Жәнібек туралы ауыз әдебиетінде Жиренше мен Қарашашқа, Асан қайғыға байланысты аңыздарда жиі ауызға алынады. Ол туралы ақын-жыраулар поэзиясында, әсіресе Асан қайғы шығармашылығында айтылады. Жәнібек хан бейнесі жазба әдебиетте белгілі орын алған. Ілияс Есенберлиннің «Алмас қылыш» романында ол басты кейіпкер ретінде жан-жақты бейнеленген [12; 193].

Жәнібек ханның тұсында (1465–1470) Асан әбден қартайып, тоқсаннан асса да, жырау туралы деректер мен халық әңгімелерінің бәрінде оны осы Жәнібек құрған жас хандықтық мұңын мұндап, сол хандыққа қараған қазақ елінің жоғын жоқтаған жырау ретінде көрсетіледі.

Асанның «Жәнібекке айтқаны» деп аталатын 33 жолдан тұратын толғауы Әлкей Марғұлан материалдарынан алынып, «Ертедегі әдебиет нұсқалары» атты 1967 жылы жарық көрген жинаққа енгізілген. Кейін 1989 жылы шыққан «Бес ғасыр жырлайды» жинағының бірінші томына бұл толғаудың он бір жолы қысқартылып, жаңадан он алты жол қосылып, барлығы 39 жол болып, бұрынғы атауы алынып тасталғандықтан, шартты түрде «Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің...» деген алғашқы жолының атауымен жаңа нұсқасы енгізілді [10; 26, 27].

Толғаудың бізге жеткенше жинаушылар қолында, әр басылымдарда шашылған бөліктері соңғы нұсқасында бас-аяғы жинақталып, композициялық құрылысы жағынан әрқайсысы ханға деген ренішті, белгілі бір ойды білдіретін, «мұны (оны) неге білмейсің?!» деген рефренмен аяқталатын жеті тирададан және жыр соңындағы қорытынды бөліктен тұратын, біршама қалыпқа түскен сыңайы бар [12; 194].

Асан қайғының Жәнібек ханға айтқан реніш, өкпе-наздарын рет-ретімен басынан бастап қарастыратын болсақ, мына жағдайларды аңғарамыз.

Біріншіден, алғашқы тирадада көрсетілгендей, айнала аңдыған жауы, «Шабылып жатқан халқы...» тұрғанда оларды көздеп көрмей, сауық-сайранға салынып, «қымыз ішіп қызаруы» сияқты бейқам жүріске барып, уақытын бос өткізуі, әрине, елбасының үлкен кемшілігі:

*Ай, хан, мен айтпасам, білмейсің,  
Айтқанымға көнбейсің.*

*Шабылып жатқан халқың бар,  
Аймағын көздеп көрмейсің.  
Қымыз ішіп қызарып  
Мастанып, қызып терлейсің,  
Өзіңнен басқа хан жоқтай,  
Елеуреп неге сөйлейсің?!*

Оның үстіне, халық әр басқан қадамын аңдып отырған басшыға «Мастанып, қызып терлеп, елеуреп сөйлеу» әдептен озған жарастықсыз іс.

Екінші тирадада Жәнібек ханның қорған, қала салуға байланысты жыраудың айтқаны келтіріледі:

*Қорған салдың бейнет қып,  
Қызметшің жатыр ішіп-жеп.  
...Оны неге білмейсің?!*

Жәнібектің орыс шеберлерін алдырып, кәуірге қала салдырғаны қарт жырауға ұнамайды. «Қорған салған бейнетің» бос әурешілік болды, — деп, ханды бұндай іске бармауға шақырады.

Үшінші тирадада текті сақтау, төре тұқымынан шыққан хан-сұлтандардың қара халықтан шыққан әйелге үйленбеу тәртібі сөз болады:

*Қатын алдың қарадан,  
Айрылдың хандық жорадан,  
Ел ұстайтын ұл таппас,  
Айрылар ата мұрадан!  
Мұны неге білмейсің?!*

Асанның пікірінше, Жәнібек ханның «Қарадан қатын алуы» ата-бабадан келе жатқан «Айрылып хандық жорадан» салтты бұзуы. Бұдан барып ғасырлар бойы сақталып келе жатқан генетикалық тек бұзылады, оның салдарынан мемлекеттік іске зияны келуі мүмкін. Себебі ондай әйел: «Ел ұстайтын ұл таппас», одан туған ұл қажырсыз, әлсіз және тағы басқа кемшіліктері болып, «Айрылар ата мұрадан!» — ең үлкен қауіп осы.

Төртінші тирада сол кездің өлшеміне, дәстүріне келмейтін ханның тағы бір ерекше ісінен хабар береді. Аң аулайтын құстардың ішіндегі нашары, жыраудың айтуынша, «Құладың құстың құлы еді». Оның белгісі «Тышқан жеп жүнін түледі». Осы құладыңға хан анау-мынау емес «құстың төресі» аққуды алдырады. Ал бұл дегеніңіз, жаман ырым, себебі аққудың киесі бар, яғни «Құладың аққуды өлтірсе» оның киесі жібермейді. «Өз басыңа келеді!» — деп, болжайды:

*Құладың құстың құлы еді,  
Тышқан жеп жүнін түледі, —  
Аққу – құстың төресі  
Ен жайлап көлді жүр еді.  
Аңдып жүрген көп дұспан  
Елге жау боп келеді.  
Құладың аққуды өлтірсе —  
Өз басыңа келеді!  
Құлың көп сені өлтірер,  
Осыны Асан біледі,  
Мұны неге білмейсің?!*

Бесінші тирадасында ұлы баба: «Желмая мініп, жар шалсам», сол «Тапқан жерге ел көшір», — деп, Жәнібек ханнан қатаң талап етеді:

*...Тіл алсаң іздеп қоныс көр  
Желмая мініп жер шалсам,  
Тапқан жерге ел көшір,  
Мұны неге білмейсің?!*

Алтыншы тирадада сол көші-қон мәселесін әрі қарай сабақтай түсіп, Асан жырау айтқаныма құлақ аспай «Бұл арадан көшпесең» — деп, қатқылдана сөйлеп, келе жатқан «Кәуір алар қалаңды, Шулатар қатын-балаңды» сияқты күтіп тұрған қатерлерді атайды. Осының бәрін әулие абыз «түсінде көрген екен» [12; 196].

Екі азулы империяның аралығында жатқан ұлы Даланың келешекте жаулап алынатынын ойшыл ақын-жыраулар тым ерте-ақ сезінді. Бұл қатерлі қауіпті ерте сезініп, сескене қараған Асан қайғы:

*Ол күнде қарындастан қайыр кетер,  
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.  
Ұлы, қызың орысқа бодан болып,  
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер? —*

деп, түбінде Ресей империясы тарапынан отарланатындығымызға XV ғасырда-ақ болжау айтқан еді. Немесе екі империя тарапынан қауіпті ескермей қамсыз жатқан Жәнібек ханға қайырыла тіл қатқанда:

*Арасында қытай, орыстың  
Қорған сап тыныш жатырсың.  
Ертісті өрлеп орыс жүр,  
Тіл алсаң іздеп қоныс көр, —*

деп, қатерлі қауіптің қай тұстан соғарын да дәл болжап, алдын ала сезген көреген жырау танымына бас иіп, таң қалмасақ, мынауың теріс еді деп айта алмасақ керек-ті. Бірақ бір кездерде, отаршылдық саясаттың өзін ақтай сөйлеген тұста, әдебиетте Асан қайғыны кертартпа ойшыл ретінде танытуға тырысқан кездеріміз де болды [13; 185].

Жырда жетінші тираданың орны ерекше бөлек. Ол алдыңғы бір-бірімен тікелей байланысып, бірінен-бірі туындап жатқан бөліктеріндей емес, оқшаулау. Бүкіл жырдың түйіні іспеттес жұмбақталып айтылатын тирада:

*...Ай, Жәнібек, ойласаң,  
Қилы, қилы заман болмай ма,  
Суда жүрген ақ шортан  
Қарағай басын шалмай ма,  
Мұны неге білмейсің?!*

Бұл жыр жолдарында абыз жырау күн-шығысқа көз алмай қарайтын көрші патшалықтан сақтанудың қажеттігін арнайы ескертеді.

Толғаудың соңында Асанның айтып-айтып келіп, шығарманың қорытындысы есебінде «Хош аман бол, Жәнібек. Енді мені көрмейсің!», — деп, ашуланып, қолды бір сілтеп, сірә, бесінші тирадасында айтқанын істеуге «Желмая мініп, жер шалуға» кетті деп жорамалдауға болады.

*Асан Атаның Жерұйықты іздеп аралаған жерлеріне  
қойған сындары мен анықтамалары*

Асан қайғының негізгі арманы — халыққа жайлы қоныс іздеу. Ол — сонау Қорқыт заманынан келе жатқан әлеуметтік сарын. Дала философы Асан қайғы өз заманындағы қоғамдық өмірге үніле қарап, халықтың тартып отырған ауыр азабын — аш-жалаңаштық, жұт, апат, өзара қырқысқан жаугершілік, әлеуметтік теңсіздікті көріп назаланды, қайғырды. Оның арман еткен Жерұйығы — суы сүт, топырағы май, тасы алтын, ағаш басы толған жеміс-жидек, жұрт қайғы-қасіреттен аулақ құтты қоныс, оған жеткен елді жау алмайды, онда ел аласы, ру таласы жоқ, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайды», — деп санады [14; 4].

Фольклорлық мәліметтер бойынша, Асан қайғы Қазақстан және Орта Азия жерлерін желмаясына мініп көп кезген ақылгөй дана болып суреттеледі. Оның бармаған жері, баспаған тауы жоқ десе болғандай. Жолда көп жыл жүреді. Жол бойында кездескен жер-суды сипаттап, оның сынын айтады.

Данышпан жыраудың жер туралы сындары терең философиялық мағынасымен халық есінде қалған. Көптеген сындары әлі күнге дейін өз мағынасы мен маңызын жоймаған. Сондағы Асан қайғының желмаяны желдіртіп жүріп әр жерге, суға, тауға айтқан сындары мынадай [15–18]:

1. Шығыста ұзын аққан Ертісті көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарным ашты деп жылап отырмас, сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер екен», — депті.
2. Шыңғыстау мен Семейтауын көргенде: «Мына шіркіннің топырағы «құтырады» екен, оған шыққан шөп құтырады екен, оны жеген мал құтырады екен, оның етін жеп, суын ішкен адам «құтырады» екен, қаны үзілмейтін, кісі өлтіру, ұрыс-төбелес көп болатын жер екен», — деп түйіндейді. Осы арада Семей ядролық полигонының экологиялық зардаптары еріксіз еске түседі.
3. Үш Алматы жеріне келгенде: «Сарымсағы сабаудай, бүлдіргені бүйректей, алмасы бар жүректей, сол жерді қимадым», — дейді.

4. Жуалының қара топырақты, қыртысты, құнарлы жерін көргенде: «Жерің семіз, қарың мол, қадірінді егін салған ел білер, — дейді.

5. Қызыл Шілікті көргенде: «Бұл жердің төрт есігі бар екен, екеуінен құт кірсе, екеуінен жұт кіреді екен. Елі бай да болмай, кедей де болмай, орташа ғана өмір кешеді екен. Екінші, жамбас құрт деген бір жайсыз құрты бар екен, сондықтан адам бұл жерде ұзақ жасай алмайды екен», — дейді.

6. Балқаш көлі туралы: «Балығы тайдай тулаған, құстары қойдай шулаған несібелі көл екен. Кедейін аш қылмайтын, балығы азық болғанымен, суы ащы, іргесі шөлге тиіп тұр екен, бораны көп болар. Қамысы боранға қалқа, малға азық, қысы болмаса, жазы қапырық, ордалы елге орын болмас», — деген.

7. Нұра өзенін көргенде: «Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен», — депті.

8. Шідертіні көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен, алты ай арықтатып мінген ат бір айда майға бітетін жер екен, бос жылқы шідерілеп қойғандай тоқтайтын жылқының өрісі екен», — депті.

9. Қызылтауды көргенде: «Тау-тасы кеш болғанда ыңыранып жатады екен, тоқтысы да қысыр қалмайтын қойдың жері екен», — депті.

10. Ащы бойына келгенде артына қарап: «А, Баянауыл! Сенің қоныс болып тұрғаның мынау Ащының арқасы екен. Мал жазғытұрым бір жұма ащылайды екен, күзге таман бір жұма ащылайды екен. Сонысы бір жылға татиды екен», — депті.

11. Өлеңті өзенін көргенде, еш нәрсе айтпай, өлеңдете берген екен. Аз тұрып: «Өлеңтінің суы – май, Шідертіннің шөбі – май», — деп жүре беріпті.

12. Сілетіден өтіп, Жалаңаштың тұсына барғанда: «Аттың төбеліндей жалаңаш, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын? Айналаң аз, одан басқа мінің жоқ, табылмайтын жер екенсің», — депті.

13. Торғай өзенін көргенде: «Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен», — депті.

14. Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен, алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен», — депті.

15. Ұзын аққан Сыр бойын көргенде: «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен. Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен», — депті.

16. Тайсойған құмын көргенде: «Қақпақты қара қазан», — депті.

17. Жайық өзенінен өткенде: «Суы татыған бал екен, жағасы сірескен тал екен», — депті.

18. Түндік (Үшқара) өзенін көргенде: «Он екі қазылық тай күндік, маңырап жатқан қой түндік, қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен» деп, қимай артына үш қарапты дейді. Бұл жер кейін Үшқара атанған.

19. Шудың, Сарысудың өңірін көргенде: «Мына шіркіннің екі басы борбас екен, өне бойы қамыс, іші тола жолбарыс екен. Баласының іші қуырылмайтын, өмірінде пышағы қыннан суырылмайтын, еркегі ат болатын, ұрғашысы еріне жат болатын жер екен», — депті.

20. Сулы Келес, Құрлы Келес өзендерін көргенде: «Мөңіреуін, сиыр болып мөңіреуін қара! Сиыр тұқымы үзілмейтін жер екен», — депті.

21. Жетіқоңырды көргенде: «Сарыарқаның маусымы екен», — депті.

22. Терісаққан деген өзенді көргенде: «Сарыарқаның тұздығы екен», — депті.

23. Шыңғырлауды көргенде: «Ай, Шыңғырлау, жылқы өзі өскен жоқ, Шыңғырлау сен өсірдің!», — деп үш айналып, Шыңғырлаудың суына қолын малып отырып: «Шыңғырлау өкпелер, аттың ерін ал, қонайық ат суарып, аунап-қунап кетейік», — деген екен.

24. Шымкент пен Сайрамды көргенде: «Екі басса бір базар, малда береке болмайтұғын, екі басса бір мазар, баста береке болмайтұғын, базары жақын байымас, мазары жақын көбеймес», — деген екен.

25. Ереймен тауды көргенде: «Желдің жеті есігі бар екен, қыс болса, жылқы тұрмас, жылқы тұрса, ішіндегі құлын тұрмас, ораздының жайлауы, жиырлының қыстауы екен, екі жағындағы ел бай болар да, қақ ортасын қоныс қылған ел кедей болар, бітісі жаман екен, бірімен-бірі төбелесетұғын кісі сықылды ерейіп тұрғанын, панасы жоқ дала секілді тау екен», — дейді.

26. Алатауға келгенде:

*Түні суық, күні ыстық, жер даласы,  
Ананың емшегіндегі сай саласы.  
Төрт елі топырақ асты алтын екен,  
Ішпей-жемей тоятын айналасы, —*

депті.

27. Қарқаралыға келгенде:

*Қалқан еткен ел көрер пайдаңды бай,  
Ешқайда сені тастап бара алмас ем.  
Сені бірақ алады – кәпірлер жау, —*

деген екен.

28. Кент бұқтыға келгенде:

*Мынау тұрған қарағай, тау Кенті екен,  
Еліне жегізетін май, женті екен.  
Қазанға салған желі тоқпақ,  
Түп-түгел шаруаның кенті екен, —*

дейді.

29. Абыралы-Жалаулыға келгенде:

*Мынау ма Абыралы-Жалаулы тау,  
Сарқыс, Сарыағаштай қалаулы тау,  
Жерінің мың жусаны асыл екен,  
Бір түбі бір тоқтыға балаулы тау, —*

депті.

30. Айыртауды көргенде: «Мына тастың бітісі жаман екен, адамы көп жасамас, бұл жердің халқы һәм байымас», — депті дейді.

31. Сыба деген өзенді көріп: «Мына өзеннің баясы аз екен. Мына жерде жүрген халықтың жақсы адамы үзілмес», — дейді.

32. Қалба тауына шығып: «Мына жер ат шалдырып аттанатұғын жер екен, баясы аз, көп халық симас», — депті.

33. Тарбағатай тауына шығып екі жағын аралап көріп: «Мына жерге қонып-түстеніп жатар жер екен. Бірақ біздің халық ие болмас. Есіл жердің екі жағы шулап тұрған мал екен. Оңтүстік жағын қытай алар, солтүстік жағын орыс алар», — депті.

34. Сауран қаласын көргенде: «Әттеген-ай, тақырдың бетіне, Шөлістанның өтіне салған екен. Сарқырап аққан суы жоқ, жайқалып жатқан нуы жоқ, түбі тұрақты қала бола алмас», — деген екен.

35. Маңғыстауға үш барып, үш қайтыпты: «Түбінде мал баққан шаруаға Маңғыстаудан жақсы жер болмас», — депті.

36. Жетісуды көргенде: «Мынау Жетісудың ағашының бұтағы сайын жеміс екен, шаруаға жақсы қоныс екен», — депті.

37. Баянауыл тауын көргенде: «Баянға жаймай, қой семірмес», — деп, Асан қазіргі Баянауылды өзіне жайлау етіпті.

38. Аспараны көргенде: «Ей, Аспара, көршіңмен тату бол, шөбіңе суың жетер!», — деп жүріп кетіпті.

39. Тоңлық өзеніне келгенде:

*Он екі тұтам қазылық ой Тоңлық,  
Жағасы маңырап жатқан қой төңірек.  
Құлағы тұтам қарыс шығып тұрған,  
Ені тар өзен аққан бой Тоңлық, —*

деген екен.

40. Ақмешіт (Қызылорда) жерін көргенде: «Ей, Ақмешіт, жерің шаң екен, суың жар екен. Елін жұтамас, малыңның көзіне сақ бол!», — депті.

41. Қарсақбай аймағын көргенде: «Айналаң жапан тұз екен, тауыңның асты жез екен, екі тауың ел біткенді шақырар, басына байлық қонар, жұртың ашықпас!» — деп жүріп кетіпті.

42. Қордай тауын көргенде: «Он жылда бес саулық мыңға, бес қара жүзге жететін жердің құты екен, әттең, аттың сауырына сыймайды-ау, бөктеріп кетер едім», — депті.

43. Қаратал өзенінің өлкесін көргенде: «Ей, сарқырап аққан Қаратал, артың кең, алдың тар-ау!» — депті. Өйткені бұл өзен құмға сіңіп жатады екен.

44. Нарын-Самар аймағын көргенде: «Е, Нарын, тайың айғырдай, тайлағың бурадай екен! Қысың ұзақ: шаруаң сақ бол!» — депті.

45. Әулиеатаның «қазіргі Талас қаласы) шығысынан аққан — Талас, батысынан аққан — Келес дейтін өзендерді көргенде, малға жайлы екенін біліп: «Ей, екі Талас, бір Келес, малсыз күнің кенелмес. Жері де жайылған малға жұт болмас!» — деген екен.

Әпсаналардың айтуынша [19; 188], Асан қайғы Жерұйықты ұзақ іздейді: бірде алты жыл, бірде жеті жыл, бірде он жеті жыл, тіпті кейбір варианттарда өмір бойы.

Бірақ та бұл қоныстарға Асан Атаның көңілі толмайды. Олар ешбір елдің тыныштығын сақтап, азып-тозбауына жарамайды. Осы қоныстардың барлығының көзге алдамшы көрінетін уақытша құбылмалығы, жай көзге жайлы көрінетін тыныштығы оны қанағаттандырмайды. Қайда барса да, сол жерден кемшілік тауып, ол қонысқа неге тұруға болмайтынын түсіндіріп отырады.

Осы жерде бір еске салатын нәрсе – құтты қоныс іздеу туралы утопияның Асанға телінуі тегін емес еді. Ағылшын философы Честертон айтқандай, «утопиясы жоқ адам мұрны жоқ адамнан да қорқынышты». Утопия болмаса, қоғамдық қозғалыс та, алға ұмтылу да болмайды. Кім де кім өзінің болашағы туралы армандамаса, оның болашағы да неғайбыл болады демекші, алға нақты қадам жасау үшін, ең алдымен, оны көз алдына елестете білу де керек қой.

Ғұлама грек ғалымы Платон өзінің мінсіз мемлекет туралы диалогтарын жазғанда, әл-Фараби құт дарыған қала тұрғындары туралы толғағанда, Мор Утопияны ойлап тапқанда, Кампанелла Күн қаласы туралы қиялдағанда, сол сияқты, Асан қайғы да Жерұйығын іздеп зар илегенде елінің жарқын болашағын көз алдына елестеткені күмәнсіз.

Философ Экклезиаст: «Көп ақылдан — көп қайғы», — деп бекер айтпаған. Ақылсызда қайғы жоқ. Ал ақылды адам бір күндігімен шектелмейтін, алдын болжап отыруға деген талпынысымен, биік мүдделерге қол созған қиялқанаттылығымен ақылды. Ішкен-жегеніне мээ, салған сайранына мээ, ақыл иесі — адам деген ортақ атты жамылған қаншама жан бар, бірақ шынайы ақылмандар аз.

«Асан қайғы Жерұйығын таппай зар жылады» дегенде біз оның қиялындағы елінің болашақ замандағы ешкімнен (батысы — Орыс, шығысы — Қытайдан) қысым көрмей, өз жерінің амандығын тілегенін меңзейміз. Сондықтан да Жерұйық идеясын бүкіл халқының қамын ойлаған Асан қайғының елді берекелі бірлікке, шынайы түсіністікке, адал еңбек табысы арқылы мамыражай заманға жетуге шақырғаны деп ұғынған жөн. Ендеше, Асан қайғы кезінде таба алмаған Жерұйық қай бір заман адамдары үшін шындыққа айналуы әбден мүмкін.

*Жәнібек хан мен Асан қайғы арасындағы  
арақатынастың қатты шиеленісуі*

Асан қайғы желмаямен елге қоныс қарап келгеннен кейін Жәнібек хан мен жыраудың арақатынасы қатты ушығады. Оны кезінде С. Сейфуллин жариялаған. «Қазақтың Ата заңдары» атты мақаласында келтірілген Асан қайғының Жәнібек ханға (кейде Әз-Жәнібек хан деп атайды) айтқандарынан көруге болады [20; 54, 55].

Жәнібек (Әз-Жәнібек) хан үш қайтара той қылыпты: 1) Астрахан қаласын салдырып, той қылыпты. 2) Даладағы көлге шекер төккізіп, аққуды мая қылып, құладыңға ілдіріп, той қылыпты. 3) Қарындасы Қаныбет сұлуды Мығалы байдың ұлы Би-Темірге бермек болып той қылыпты. Тойдың үшеуіне де шақырылған Асан қайғы би келмепті. Әз-Жәнібек төртінші рет кісі жіберген соң келіпті.

Әз-Жәнібек: «Е, Асан үш қабат жұрт жиып, той қылдым. Тойыма сені шақырдым, келмегенің қалай? — депті.

Сонда Асан би:

*Алты атанға арттырып,  
Алты жыл қоныс қарадым.  
Қырында деп қызығы,  
Суында деп балығы.  
Бұл жерді өзім қаладым.  
Астрахандай қаланы,  
Жат жұрттыққа салдырдың.  
Көлге шекер төктірдің,  
Шекерге аққу бүктірдің  
Көлдегі сұлу ерке еді.  
Құладың құстың қары еді.  
Аққу құс ару – төре еді.  
Құладыңға аққуды ілдірдің.  
Ақ мамығын жұлдырдың.  
Құладыңға аққуды жем қылдың*

*Түбінде өз басыңа келер деп,  
Құладындай бір жаманнан өлер деп.  
Соған өкпелеп келмедім, — депті.*

Жәнібек хан:

– Жә, ол солай екен. Мына қарындасым Қаныбетті Мығалы байдың ұлы Тастемір мырзаға беруге той жасап, шақырдым, соған неге келмедің? — депті.

Сонда Асан би:

*Ұсарма, билер, ұсарма!  
Арғымақтың аяғын,  
Алтынменен тағалап,  
Күміспенен шегелеп.  
Шайы жібек тұрғанда.  
Арқанменен тұсар ма?  
Ханда өтірік айтар ма?  
Хан жарлығы қайтар ма?  
Әз Жәнібек дейтін хан ием.  
Әуелгі сөзін ұмытып,  
Айсылдың ұлы Әмет тұрғанда  
Мығалы байдың ұлына,  
Бұқасын баққан құлына,  
Тастемірдей жаманға,  
Қарындасын беруге ұсар ма? —*

депті.

Асан қайғының Жәнібек ханға осы келуі екі тұлғаның арасындағы соңғы кездесу болғандығын аңғару қиын емес.

#### *Асан Атаның ақындық ойы мен жыраулық философиясы*

Асан қайғының философиялық дүниетанымы үш бағытқа бөлінеді [21; 95].

Біріншіден, этикалық дүниетаным – ұлы жыраудың философиялық ойларының өзегін құрайды. Адам, адамшылықтың басты қасиеттері, олардың мәні мен сипаты жоғары имандылық деңгейінде қарастырылған. Поэтикалық формамен берілген этикалық ұғымдар, түсініктер, қағидалар Шығыс өркениетіне тән ерекшеліктермен сабақтастық тауып, адамгершіліктің алуан қырлы болмысын айқындайды.

Екіншіден, поэтикалық зерде мен философияның қазақ дүниетанымында егіз ұғым екенін жырау өз толғаулары арқылы толық дәлелдеп берді. Адам өмірінің мәні, мақсаты, өлімнің растығы, қоршаған дүниені тану мәселелері Асан қайғы философиясының басты бағыттары.

Үшіншіден, Асан жыраудың гуманизмі, адамға деген сүйіспеншілігі тарихи сана арқылы түркі халықтарының жадында сақталған. Ноғай, өзбек, түркімен, қырғыз, қарақалпақ халықтары арасында Асан қайғы есімі ерекше ілтипатпен аталып, құрмет тұтылады.

Асан айтқан нақыл сөз, Асан айтқан толғаулар, жырлар өте көп болған. Бізге соның кейбір жұқаналары ғана жеткен. Аздығына қарамай данагөй ақынның жырлары мен толғаулары мынадай танымдық күдіреттілігімен ерекшеленеді:

1. Ел мүддесі мен жұрт қамын өз міндетім деп санаған жыраулар қашанда өмір шындығынан ой түйге, жинақтаулар жасауға бейім. Мұнда қоғамдық мәні бар ірі мәселелермен қатар, адамдар арасындағы әр алуан қарым-қатынастар мен солар туралы сын-бағалары да қоса айтылады. Мәселен, адамгершілік пен зұлымдық, байлық пен кедейлік, достық пен жаулық, адалдық пен опасыздық, әділдік пен жауыздық, білімділік пен надандық, ізеттілік пен әдепсіздік секілді аса күрделі мәселелер жан-жақты сөз болып сарапталады.

Бұл мәселелерге кезінде Асан қайғы үлкен мән берген. Жыраудың бұл топтағы жырлары мәселені көбіне-көп тұжырымды пікірлермен нақтылай отырып, мақал-мәтел іспеттес етіп құрады. Сондықтан бұл тұжырымдар дәлелдеуді көп қажет етпейді. Айталық, оның «Әділдіктің белгісі» деп аталатын мына бір жырына назар салып көрелік [22; 272]:

*Әділдіктің белгісі —  
Біле тұра бұрмаса.  
Ақылдының белгісі —*

Өткен істі қумаса.  
 Жамандардың белгісі —  
 Жауға қарсы тұрмаса.  
 Зұлымдардың белгісі —  
 Бейбіттің малын ұрласа.  
 Надандардың белгісі —  
 Білгеннің тілін алмаса.  
 Шамаңша шалқып көре бер,  
 Қабірге әзір қоймаса.  
 Артыңда қалған атақ жоқ,  
 Тіріде даңқың болмаса.

2. Асан Қайғы — қазақ дербес әдебиетінің алғашқы қалаушысы. Ол өз толғауларында адам табиғатын, мінез ерекшеліктерін, моральдық, этикалық қағидаларды аңғартады [10; 27, 28]:

Есті көрсең кем деме,  
 Бәрі тұйғын табылмас.  
 Қарындасың жамандап,  
 Өзіңе туған табылмас.  
 Адам әзіз айтар деп  
 Көңіліңді салмағыл.  
 Нәпсі алдаушы дұшпанның  
 Насихатын алмағыл.  
 Бақыты оянған ерлердің  
 Әрбір ісі оң болар.  
 Дәулеті күнге артылып,  
 Не қылса да, мол болар.

3. Ел қамын көп ойлаған Асан қайғы өзінің толғау-жырауларында не жақсы, не жаман, не ғарып деген мәселелер төңірегінде ой толғап, замана жайында философиялық пікірлерін сарапқа салған. Жырау халық мақалдарында айтылатын біраз ой-пікірлерді термелей келе [10; 27]:

Бұл заманда не ғаріп?  
 Ақ қалалы боз ғаріп,  
 Жақсыларға айтпаған  
 Асыл шырын сөз ғаріп;  
 Замандасы болмаса,  
 Қариялар болар тез ғаріп;  
 Қадірін жеңге білмесе,  
 Бойға жеткен қыз ғаріп;  
 Ел жағалай қонбаса,  
 Бетегелі бел ғаріп,  
 Қаз-үйрегі болмаса,  
 Айдын-шалқар көл ғаріп;  
 Мүритін тауып алмаса,  
 Азғын болса пір ғаріп.  
 Ата жұрты бұқара  
 Өз қолында болмаса,  
 Қаниша жақсы болса да,  
 Қайратты туған ер ғаріп, —

деп ел басқарар көсемнің әділ болуын, қол бастаған батырдың соңынан ертер сарбазы – қалың қолы – халқы болуын қалаған.

4. Асан қайғының толғаулары Отанды сүйеге, ізгі амал жасауға, жамандықтан сақтанып, бақытты өмір сүруге үндейді. Мәселен, мына бір толғауында жырау бабамыз өткінші дүниелік істерге бола ұрысып, таласпауға шақырады [10; 29]:

Өлетұғын тай үшін,  
 Көшетұғын сай үшін,  
 Желке терің құрысып,  
 Әркімменен ұрыспа.

*Ашу-дұспан, артынан  
Түсіп кетсең қайтесің  
Түбі терең қуысқа!..*

Расында да, кейде болмашы нәрсе үшін адам баласы пенделікке ұрынады, дүниелік істерге таласып, абыройсыздыққа душар болады. Ал Асан қайғы бәріне парасат биігінен қарауға үндейді.

5. Асан сөздері өсиет, нақыл түрінде көп кездеседі. Мәселен [10; 29]:

*Ақың болса біреуде  
Айыбын тап та ала бер,  
Ерегесіп ұрыспа.  
Сенікі жөн болса да  
Атың шықпас дұрысқа.  
Мінезі жаман адамға  
Енді қайтіп жуыспа,  
Тәуір көрер кісіңмен  
Жалған айтып суыспа...*

«Ашуға ақылды жеңгіз, көпшіл бол» деген өнегелі өсиеттің бүгінгі күнге дейін жастар үшін мән-мағынасы жойылмаған дидактикалық қасиеті күшті кеңес екені даусыз.

6. Ел қорғаушы азаматтың бойында қандай адамгершілік қасиеттің болуын қалаған Асан қайғы [10; 28–29]:

*Еділ бол да, Жайық бол,  
Ешкімменен ұрыспа,  
Жолдасыңа жау тисе,  
Жаныңды аяп тұрыспа.  
Ердің құны болса да,  
Алдыңа келіп қалған соң,  
Қол қусырып барған соң,  
Аса кеш те қоя бер,  
Бұрынғыны жуыспа, —*

деп, көпшіл бол, кешірімді бол, достықты бағалай біл деген үгіт-насихат айтады.

7. Асан қайғы толғауларында үлгі-өсиеттік, насихаттық, тағылымдық ойларға ерекше мән беріледі. Мұның бәрі айтылар ойдың ұтымдығы мен әсерлігіне орай қайталаулар (рефрен) мен дыбыс үндестігіне (ассонанс) құрылып отырады. Мәселен [10; 28]:

*Көлде жүрген қоңыр қаз  
Қыр қадірін не білсін,  
Қырда жүрге дуадақ  
Су қадірін не білсін!  
Ауылдағы жамандар  
Ел қадірін не білсін!  
Көшіп-қонып көрмеген  
Жер қадірін не білсін!  
Көшсе, қона білмеген,  
Қонса, көше білмеген,  
Ақылыңа көнбеген  
Жұрт қадірін не білсін!*

8. Жырау сөздерінің дені [10; 26]:

*Құйрығы жоқ, жалы жоқ —  
Құлан қайтіп күн көрер?!  
Аяғы жоқ, қолы жоқ —  
Жылан қайтіп күн көрер?!  
Шыбын шықса жаз болып,  
Таздар қайтіп күн көрер?!  
Жалаң аяқ балапан,  
Қаздар қайтіп күн көрер?!» —*

іспеттес нақыл, толғау түрінде келсе керек. Бұл жолдардан адам тағдыры ғана емес, жан иесі мақұлықтардың бәрінің тіршілігі толғантқан, көне заманда өмір сүрген көне философ-гуманистердің типіндегі ойшыл Асан танылады.

9. Белгілі әдебиетші-ғалым Х. Сүйіншәлиев жазғандай [1; 255], Асанның нысапсыз дүниеқорлар мен қорқақ-ездер туралы айтқан сөзі деген бір ұзақ толғауды 1940 ж. Толыбаев Мұқамбетәлі тапсырыпты. Бұл толғауда Асанға лайық жолдар бар [10; 28]:

*Арғымаққа міндім деп  
Артқы топтан адаспа,  
Күнінде өзім болдым деп,  
Кең пейілге таласпа,  
Артық үшін айтысып  
Достарыңмен санаспа.  
Ғылымым жұрттан асты деп,  
Кеңессіз сөз бастама.  
Жеңемін деп біреуді  
Өтірік сөзбен қостама.*

10. Классикалық философияда (Аристотельде, Кантта, Гегельде т.б.), том-том шығармаларда, трактаттарда қарастырылған күрделі философиялық мәселелер, диалектикалық идеялар қазақ философиясында кейде бір ауыз сөзбен, бір шумақ өлеңмен түйінделеді. Бәрімізге белгілі Асан қайғының туындыларынан мысал келтіруге болады.

Халықты берекелі бірлікке, достыққа шақырып, сөз маржанын тізбектеп, терең ойды топшылап өткен Асан жырау [10; 25, 26]:

*Таза мінсіз асыл тас  
Су түбінде жатады,  
Таза мінсіз асыл сөз  
Ой түбінде жатады.  
Су түбінде жатқан тас —  
Жел толқытса шығады.  
Ой түбінде жатқан сөз —  
Шер толқытса шығады, —*

деп көңілдегі көрікті ойдың адам сезімімен, көңіл-күймен байланысты туатынына пәлсапалық (философиялық) топшылау жасаған. Жыраудың осы жолдарын іргелі философиялық еңбектің тоқ етер түйіні деуге болады. Өйткені асыл сөз қалай болса, солай тектен тек айтыла салмайды. Атүсті пайда болмайды. Оның артында терең ой, пайымдау, көп нәрсені түсіну, өмір тәжірибесі жатыр. Асыл сөз оңайлықпен ауызға түспейді.

Жалпы, ұлы ақын сөздеріне тән нәрсе тереңдік пен ойлылық. Ол тереңнен толғап, қияндағыны көздейді. Өткен-кеткенді еске алып, өзінше ой түйіндейді. Асан сөздерінің бәрі дерлік ойлы нақылдар. Сондықтан да болашақта Асан Атаның асқақ жырлары жете зерттеліп, оның өмірі мен шығармашылығын тани түсу – әдебиетшілердің кезек күттірмейтін қауырт жұмысының бірі.

#### Түйін

Қазақты дербес мемлекет еткен хандық замандағы саяси және рухани элита мен интеллигенцияны билер, батырлар, қолбасшылар, интеллектуал ақындар мен шешендер, абыз жыраулар құрады. Бірінші Қазақ мемлекеті тұсында өмір сүрген абыз жырау, ойшыл-философ Асан қайғы өз заманының нағыз көшбасшы тұлғасы болды. Оның мифтік бейне емес, нақты өмір сүргені дәлелденді. Асан қайғы сол кездегі Қазақ хандығының саяси элитасының ұлт үшін ұйымдасып, бірігу жолына түсуіне үлкен ықпал еткен қайраткер.

Тереңдей үңілгенде Асан қайғы бабамыз бүгінгі Қазақ мемлекеттігінің дипломатиялық мектебін қалыптастырды. Ел мен елді жауластырмау, достастыру, татуластыру, қаз-қатар бейбіт өмір сүру қағидатын ең алғаш әлемнің жарығына алып шықты. Ол Керей мен Жәнібектің атынан Моғолстан ханы Есенбұғамен келісімсөздер жүргізді. Соның арқасында болашақ өсіп-өнетін мемлекеттің алтын тұғырын жасады.

Ол халықтың қамын ойлап, ханның өзіне сөзін өткізді, теріс қылығын бетіне басты. Асан қайғының өзіндік азаматтық ұстанымын жүзеге асыруға тырысып, Қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы үшін қызмет етуі және сөйтіп өзінің интеллигенция, элита өкілі ретіндегі міндеті оның жеке бас

мүддесін ойламай, басты орынға халықты қоюынан анық көрініс тапқан. Ханның кеңесшісі болған Асан Ата ен даланы елсіз қалдырмау үшін, көшпелі елден мемлекет, біртұтас держава құру үшін, хан мен халық арасындағы мәмілегер, саясаткер ретінде жаңа мемлекетті өз қолымен құруға атсалысты. Желмаясымен жер шолып, қазақ елінің мемлекеттік шекарасын айқындап, даланың әрбір түкпіріне географиялық сипаттама берді. Оның «Жерұйық» идеясы – тұтас бір стратегиялық бағдарлама, әлеуметтік саясат, үйлесімді, тұрақты дамудың баламасы, әділетті заң үстемдік құрған кемел елдің бейнесі.

Асан қайғы экологиялық мақсатта да жақсы ойлар туындатты. Ол сөз әлеміне де өз өрнегін салды. Ұлы жырау шығармашылығында негізгі орын алатын қазақ тұрмысының өзекті мәселелерін арқау еткен философиялық-нақылдық жанрлар: толғау, терме, шешендік сөздер болып табылады. Асан қайғының шығармаларын жинап, зерттеумен Ш. Уәлиханов, Г.П. Потанин, М.Ж. Көпеев, С. Сейфуллин, М. Әуезов, тағы басқалар айналысты. Жыраудың ақындық мұрасын бастыру XIX ғасырдың соңында басталды.

Асан Ата халық қамын ойлаған ақылгөй, көреген ғана емес, сонымен бірге дәулескер күйші де болған. Көптеген күйлердің аты мен аңыз әңгімесі де әлі күнге дейін айтылады. Өкініштісі, бүгінгі күнге дейін «Ел айрылған», «Асан қайғы», «Желмаяның жүрісі», «Зар» сияқты санаулы күйлері ғана жеткен.

Қорыта айтқанда, Асан Атаның Қазақ хандығы тұсындағы барлық іс-әрекеті, қабілеті, кемеңгерлігі оны қазақтың алғашқы интеллигенттерінің бірі, рухани элита өкілі деп санауға негіз береді. Сондықтан да Қазақ халқы ғасырлар бойы тарихи сатыларында Асан қайғы есімін үстемдікке, озбырлыққа, әділетсіздікке қарсы ұстанған ізгілік символына айналдырды.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Сүйиниәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы: оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 928 б.
- 2 *Нысаналин А.* Асан қайғы: ақиқат пен аңыз // Түркістан. — 2014. — 1 мамыр. — 10-б.
- 3 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық. — 1-кіт. — Алматы: Өнер, 2001. — 304 б.
- 4 *Әбілқайырқызы Ә.* Дала данышпаны // Қазақ. — 2012. — № 43 (609). — 26 қазан. — 8-б.
- 5 *Кішібеков Д.* Кесене кімдікі? // Егемен Қазақстан. — 2007. — 29 тамыз. — 5 б.
- 6 *Сарай Ә.* Ноғайлының рухани өмірі // Егемен Қазақстан. — 2010 ж. — 17 ақп. — 5 б.
- 7 *Тоқмырзина Г.* Қорғанша – Асан қайғы мекені // Қазақ тарихы. — 2006. — № 6. — 121,122-б.
- 8 *Мағауин М.* Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет: Оқулық. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 176 б.
- 9 Қазақстан тарихы: энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: Аруна Ltd., 2006. — 768 б.
- 10 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. — Үш томдық. 1-т. / Құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. — Алматы: Жазушы, 1984. — 256 б.
- 11 *Боранбай Ж.* Ұлттық идеяның ұйтқысы — Асан қайғы // Ақиқат. — 2012. — № 12. — 55–61-б.
- 12 *Баян Б.* Асан қайғы толғауларындағы Жәнібек хан бейнесі // Жұлдыз. — 2005. — № 10. — 193–200-б.
- 13 *Мырзахметов М.* Отаршылдық дәуіріндегі әдебиет. (Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесі) // Жұлдыз. — 1993. — № 7. — 181–192-б.
- 14 *Ақыпбекұлы Ә.* Ұлы даладағы низамдық бастаулар // Егемен Қазақстан. — 2006. — 7 шілде. — 4 б.
- 15 *Мамиева Б. О.* Асан қайғы туралы аңыздар: оқу құралы. — Қостанай: «ШАПАҚ» ЖШС, 2009. — 118 б.
- 16 *Асан би* // Айқап. — 2013. — № 2 (93). — 108–112-б.
- 17 *Кенжалы Т.* Асан қайғы. — Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 284 б.
- 18 *Қасенов М.* Асан қайғы – Дала философы // Қазақ тарихы. — 2007. — № 1. — 33–39-б.
- 19 *Қасқабасов С.* Қазақтың халық утопиясы // Жұлдыз. — 1990. — № 6. — 184–202-б.
- 20 *Жандарбек З.* Асан қайғы мен Жәнібек хан. (Алтын Орда мемлекетінің ыдырау себептері) // Қазақ тарихы. — 2007. — № 3. — 51–56-б.
- 21 Түркістан: халықаралық энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2000. — 656 б.
- 22 Қазақ әдебиетінің тарихы. — 3-т. XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы. — Алматы: Ғылым, 2000. — 568 б.

Р.С. Каренов

## Асан қайғы жырау — гениальная личность с энциклопедическими знаниями и мудрый философ Великой Степи

В статье описаны жизнь и деятельность выдающегося философа-утописта, поэта, дипломата, бия — Асана қайғы, жившего в XV столетии. Подчеркнуто, что древний певец Асан қайғы упоминается в легендах и сказках многих тюркских народов. В народе он получил прозвище «қайғы», т.е. скорбящий, печальный, горемычный. Отмечено, что Асан қайғы сопровождал первых казахских ханов — Керей и Жанибека, был их советником, а в своих толгау размышлял о судьбе народа, о справедливой ханской власти. Определено, что он был приверженцем идеи сплочения и единства разрозненных казахских племен, и эти его чаяния выразились в произведении «Обетованная земля». Сделан вывод, что вдохновенные импровизации Асана қайғы явились воплощением красоты искусства слова народа, для которого устное творчество было единственным способом выражения заветных чаяний и надежд.

R.S. Karenov

## Asan kaigy zhyrau as a genius with an encyclopedic knowledge and wise philosopher of the Great Steppe

Life and activity of the outstanding utopian philosopher, poet, diplomat, bi - Asan kaygy living in XV century are described. It is emphasized that the ancient singer Asan kaygy is mentioned in legends and fairy tales of many Turkic people. It is noted that in the people he got the nickname «kaygy», that is grieving, sad, hapless. It is shown that Asan kaygy accompanied the first Kazakh khans Kerей and Zhanibek, was their adviser, and in the to a tolga reflected on destiny of the people, on the fair hansky power. It is proved that he was the adherent of idea of unity and unity of separate Kazakh tribes and these his expectations were expressed in the work «Promised land». The conclusion that inspired improvisations of Asan kaygy were an embodiment of beauty of art of the word of the people for which oral creativity was the only way of expression of treasured expectations and hopes is drawn.

### References

- 1 Syuinshaliyev Kh. *History of Kazakh literature*: textbook, Almaty: Sanat, 1997, 928 p.
- 2 Nysanalın A. *Turkestan*, 2014, May, 1, 10 p.
- 3 *Historic figures of the Kazakh people: Short reference book. 1 book*, Almaty: Oner, 2011, 304 p.
- 4 Abilkairkyzy A. *Kazakh*, 43 (609), 2012, October, 26, p. 8.
- 5 Kishibekov D. *Egemen Kazakhstan*, 2007, August, 29, 5 p.
- 6 Saray A. *Egemen Kazakhstan*, 2010, February, 17, p. 5.
- 7 Tokmyrzina G. *History of Kazakhs*, 2006, 6, p. 121, 122.
- 8 Magauin M. *Literatura times of the Kazakh khanate*: textbook, Almaty: Ana tili, 1992, 176 p.
- 9 *History of Kazakhstan. Encyclopedic reference book*, Almaty: Aruna Ltd., 2006, 768 p.
- 10 *Sing five centuries: works of akyns-zhyrau starting with XV centuries prior to the beginning of the XX century. Three-volume edition*, I, Orig. M. Magauin, M. Baydildayev, Almaty: Zhazushy, 1984, 256 p.
- 11 Boranbay Zh. *Akikat*, 2012, 12, p. 55–61.
- 12 Bayan B. *Zhuldyz*, 2005, 10, p. 193–200.
- 13 Myrzakhmetov M. *Zhuldyz*, 1993, 7, p. 181–192.
- 14 Akyzbekuly O. *Egemen Kazakhstan*, July, 7, 2006, 4 p.
- 15 Mamiyeva B.O. *Myths about Asan kaygy*: Manual, Kostanay: «SHAPAK», LLP, 2009, 118 p.
- 16 Aikap, 2013, 2 (93), p. 108–112.
- 17 Kenzhaly T. *Asan kaygy*, Almaty: Dyke Press, 2006, 284 p.
- 18 Kasenov M. *History of Kazakhs*, 2007, 1, p. 33–39.
- 19 Kaskabasov S. *Zhuldyz*, 1990, 6, p. 184–202.
- 20 Zhandarbek Z. *History of Kazakhs*, 2007, 3, p. 51–56.
- 21 *Turkestan. International encyclopedia*, edit.-in-chief A. Nysanbayev, Almaty: Main edition of The Kazakh literature, 2000, 656 p.
- 22 *History of the Kazakh literature. 3 History of the Kazakh literature of XV–XVIII centuries*, Almaty: Gylym, 2000, 568 p.